

№69 жалпы білім беретін орта мектебінің дарынды балалармен жұмысты үйлестірушінің 2021-2022 оқу жылында атқарылған жұмыстарына талдауы

Мақсаты: Дарынды балалардың дамуына жағдай жасау, оқушылардың табиғи қабілеттерін танып біліп дамыту, ғылыми ізденіс әдістерін үйрету арқылы шығармашылыққа баулу, шығармашылық сипаттағы жеке тұлғаны тәрбиелеу жұмыстарын жүргізу.

Міндеттері:

1. Дарынды балаларды анықтау, қабілеттерін дамыту, жүзеге асыру және оларға қолдау көрсету
 2. Ғылыми-ізденіс және шығармашылық жұмысқа бейімді балаларды дамыту үшін педагог-мамандарды даярлау;
 3. Ғылыми – ізденіс жұмыстарға, шығармашылыққа балалардың танымдық қызығушылығын дамыту;
 4. Мектеп түлектерінің нәтижелі түрде мамандық таңдауына және мамандық бағытына көмектесу.
- Оқу жылының басында дарынды балалармен жүргізілетін жұмыс жоспары құрылды. Жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді.

I. Ғылыми жоба қорғау нәтижесі

Республикалық «Зерде» 1-7 класс оқушылары арасында шығармашылық жобалар мен зерттеу жұмыстары конкурсының қалалық кезең жеңімпаздары:

- 3 «Ә» класс оқушысы Қаржаубай Іңкәр Нұрланқызы 1 орын, жетекшісі: Сауытбай М.Ж
- 4 «Ә» класс оқушысы Айжарыков Асылхан Нурлыбекович, Қалыбаев Нұрғиса Жанатбекұлы 2 орын, жетекшісі: Баймуханова Г.С
- 5 «Ә» класс оқушысы Қойыс Шахназ Талғатқызы 2 орын, жетекшісі: Рахметова А.Ж
- 4 «А» класс оқушысы Амантаева Көркем Сержанқызы, Ешанияз Дильназ Махмудқызы 3 орын, жетекшісі: Иманиязова С.С

Республикалық «Зерде» 1-7 класс оқушылары арасында шығармашылық жобалар мен зерттеу жұмыстары конкурсының облыстық кезең жеңімпаздары:

- 4 «Ә» класс оқушысы Айжарыков Асылхан Нурлыбекович, Қалыбаев Нұрғиса Жанатбекұлы 3 орын, жетекшісі: Баймуханова Г.С

8-11 класс оқушылары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурстарының облыстық кезең жеңімпаздары:

- 10 «А» класс оқушысы Нуртаева Айгерим Мадилхатовна 2 орын, жетекшісі: Кереева А.Ш
- 10 «А» класс оқушысы Зиналадинова Назерке Темірбекқызы 2 орын, жетекшісі: Тұрғанбаева Т.Р
- 10 «Ә» класс оқушысы Мажитқызы Ақерке 3 орын, жетекшілері: Абжалелова А.А., Даулетиярова Р.Е

II. Олимпиада нәтижесі:

Жалпы білім беретін пәндер бойынша 02 – 03.11.2021 ж. күні мектепшілік олимпиада өткізілді.

Олимпиада мақсаты: Оқушылардың оқу–танымдық қабілеттерін ынталандыру, пәндік білімдерін тереңдету, ғылымға деген қызығушылығын дамыту, оқушыларды қалалық, облыстық, республикалық олимпиадаларға қатыстыруға іріктеу және дайындықтарын пысықтау.

9-11 класс оқушылары арасында мектепішілік олимпиада қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі, ағылшын тілі, математика, физика, информатика, химия, биология, география, ағылшын тілі, қазақстан тарихы, өзін-өзі тану сынды пәндік бағыттар бойынша жүргізілді. Олимпиаданың материал-тапсырмалары «Ақтөбе қалалық білім бөлімі» ММ-нің мектептің электронды пошталарына жіберген материалдарынан алынды. Оқушылар тізімі мектеп психологінің қорытындысымен және оқушылар мен пән жетекшілердің ұсынысымен жасақталды. Тізім бойынша мектепішілік кезеңге 40 оқушы қатысты. Соның ішінде 9 кластан – 20, 10 кластан – 13, 11 кластан – 7 оқушы қатыстырылды. Олимпиадаға қоғамдық – гуманитарлық пәндер бойынша – 22 оқушы, жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша – 18 оқушы қатысты. 9-11 класс оқушыларының саны – 92, оқушылардың мектепішілік олимпиадаға қатысымы 41 % - ы құрайды. Әрбір пән бойынша оқушылардың мектепішілік кезеңге қатысу белсенділігі төмендегідей нәтижеден көрініс тапты:

Қазақ тілі мен әдебиеті – 3 оқушы

Орыс тілі мен әдебиеті – 8 оқушы

Ағылшын тілі – 5 оқушы

Қазақстан тарихы – 1 оқушы

Математика – 7 оқушы

Информатика – 1 оқушы

Биология – 2 оқушы

Физика – 2 оқушы

Химия – 1 оқушы

География – 5 оқушы

Қазақстан тарихы – 2 оқушы

Өзін-өзі тану – 4 оқушы

9-11 сынып оқушылары арасындағы мектепішілік кезең қорытындысы бойынша I орын алған 21 оқушы қалалық кезеңге ұсынылды, бірақ денсаулық жағдайы себептері мен басқа мектепке ауысу себептеріне байланысты нақты 18 оқушы қатысты.

Мектепішілік кезең бойынша үш жылғы қатысым көрсеткіші

2019-2020 оқу жылы	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы
120/36	92/39	98/40

Қалалық кезең бойынша үш жылғы қатысым көрсеткіші

2019-2020 оқу жылы	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы
36/18	39/16	40/18

Қалалық кезеңнен орын алған оқушылар

№	Оқушының аты-жөні	Класы	Орны	Пән атауы	Жетекшісінің аты-жөні
1	Салькова Жангул Нурболатовна	9 "А"	II	Өзін-өзі тану	Кенжебекова Гулистан Аюбаевна
2	Нуртаева Айгерим Мадилхатовна	10 "А"	II	Қазақ тілі мен әдебиеті	Кереева Асем Шакинуровна
3	Болат Дана Абатқызы	11	II	География	Унгарбаев Мейрамбек Аскарович
4	Әдиет Алдияр Нұртайұлы	9 "Ә"	III	География	Унгарбаев Мейрамбек Аскарович
5	Аманғос Жания Ержанқызы	9 "А"	III	Ағылшын тілі	Серибаева Гулбануз Куатбековна
6	Сейтенова Бибіжан Алтынбекқызы	10 "А"	III	Математика	Кайболдинова Куралай Сандигалиевна
7	Нұрмұхамбет Нұршат Нұрболатқызы	10 "Ә"	III	Тарих	Жамантаева Раушан Сагингалиевна
8	Молдабаев Әлихан Әлімжанұлы	9 "А"	IV	Физика	Байманова Гаухар Аманкелдиевна
9	Шалабаев Әли Айбекұлы	9 "А"	IV	Тарих	Рахметова Айнур Жалғасовна

Облыстық кезеңнен орын алған оқушылар

№	Оқушының аты-жөні	Класы	Орны	Пән атауы	Жетекшісінің аты-жөні
1	Болат Дана Абатқызы	11	II	География	Унгарбаев Мейрамбек Аскарович

Жаратылыстану – математикалық бағыттағы пәндер бойынша республикалық жасөспірімдер олимпиадасының қалалық кезеңі 7-8 класс арасында өткізілді. Олимпиада мақсаты: оқушыларды жаратылыстану – математикалық бағыттағы пәндерді тереңдетіп оқуға ынталандыру, жасөспірімдердің жоғары деңгейдегі олимпиадаларға дайындық жүйесін жетілдіру. Нәтижесінде:

7 «А» класс оқушысы Мұхамбетжан Еркежан Әбдіғалымқызы 2 орын, жетекшісі: Байманова Г.А

8 «Ә» класс оқушысы Әбілханова Анель Асқарқызы 2 орын, жетекшісі: Байманова Г.А

8 «А» класс оқушысы Думанұлы Нұрмахан 3 орын, жетекшісі: Үбайжанова А.А

5-6 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиадасының қалалық кезең нәтижесі:

6 «А» класс оқушысы Думанқызы Айғаным, 2 орын, жетекшісі: Бактыгулов А.И

5 «Ә» класс оқушысы Сапарғали Айым Жасланқызы 3 орын, жетекшісі: Сауғабаева А.А

5 «А» класс оқушысы Ерболат Арнұр Азаматұлы 3 орын, жетекшісі: Абуова Ш.Е

5-6 класс оқушылары үшін математика-логика, қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, қазақстан тарихы пәндері бойынша кешенді «Достық-2022» пәндік олимпиадасы нәтижесінде:

Қалалық кезең:

5 «А» класс оқушысы Ерболат Арнұр Азаматұлы 1 орын, жетекшілері: Алашбаева Г.С, Жумабаева У.Ж, Жұбаналы Р.А, Абуова Ш.Е

6 «Б» класс оқушысы Илимова Мадина Бектурсыновна 1 орын, жетекшілері: Алашбаева Г.С, Тустикбаева Л.К, Жұбаналы Р.А, Копенбаева С.Б

Облыстық кезең:

5 «А» класс оқушысы Ерболат Арнұр Азаматұлы 1 орын, жетекшілері: Алашбаева Г.С, Жумабаева У.Ж, Жұбаналы Р.А, Абуова Ш.Е

6 «Б» класс оқушысы Илимова Мадина Бектурсыновна 3 орын, жетекшілері: Алашбаева Г.С, Тустикбаева Л.К, Жұбаналы Р.А, Копенбаева С.Б

10 класс оқушылары арасында математика пәнінен "Алтын түлек" олимпиадасының қалалық кезеңінен 10 «А» класс оқушысы Жарболған Ләззат Ержанқызы 3 орын иеленді, жетекшісі: Шамгонов Р.Ш.

Республикалық "Бастау" математикалық құрама топтық олимпиадасының қалалық кезең нәтижесі:

2 «А» класс оқушысы Байғазы Хақназар Есқазыұлы 2 орын, жетекшісі: Иманиязова С.С

3 «Б» класс оқушысы Болатов Жігер Серікұлы 3 орын, жетекшісі: Урысбаева Г.Ә

III. 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТҮРЛІ ҚАЛАЛЫҚ, ОБЛЫСТЫҚ, РЕСПУБЛИКАЛЫҚ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУЛАРҒА, ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ, ҚАШЫҚТЫҚ ОЛИМПИАДАЛАРЫНА ҚАТЫСЫМЫ

№	Оқушының аты – жөні	Класы	Олимпиада, байқаудың деңгейі	Олимпиаданың, байқаудың атауы	Нәтижесі	Жетекшісі
1	Молдағалиев Сабыр	10 «Ә»	облыстық	Қашықтан өткізілген республикалық «Ақберен» байқауы	III	Бактыгулов А.И

2	Нұрмұхамбет Нұршат	10 «Ә»	қалалық	Республикалық Мұқағали Мақатаев оқуы	I	Бактыгулов А.И
3	Нұрмұхамбет Нұршат	10 «Ә»	облыстық	Республикалық Мұқағали Мақатаев оқуы	I	Бактыгулов А.И
4	Жеңісбекқызы Еркеназ	7 «Б»	қалалық	«Таза болса табиғат, аман болар адамзат» тақырыбындағы өткізілген шығармашылық байқау	I	Бактыгулов А.И
5	Жеңісбекқызы Еркеназ	7 «Б»	облыстық	«Таза болса табиғат, аман болар адамзат» тақырыбындағы өткізілген шығармашылық байқау	I	Бактыгулов А.И

Қортынды:

2021-2022 оқу жылының қортындысы бойынша жоспарланған іс-шаралар, байқаулар, олимпиадалар жүзеге асырылды. Мектебіміздің дарынды оқушылары «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен өткізілген байқау мен олимпиадаларға қатысып, жақсы нәтижелер көрсете білді.

Ұсыныс:

2022-2023 оқу жылына арналған іс-шаралар барысында оқушылардың танымдық, интеллектуалдық іс-шараларға белсенділігін арттыра отырып, сонымен қатар оқушылардың ата-аналарымен де байланысты жандандыра түсу қажеттілігін алға тартамын. Алдағы оқу жылында талапқа сай ұйымдастырылатын барлық олимпиадалар мен байқауларға оқушылар мен мұғалімдерді қатыстырамын.

Дарынды балалармен жұмысты үйлестіруші



А.Үбайтжанова